

"Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы саяси қатынастар мен экономикалық ынтымақтастықтың перспективалық бағыттары туралы" Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының Үкіметтері басшыларының бірлескен мәлімдемесін мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 5 қыркүйек N 1147

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы саяси қатынастар мен экономикалық ынтымақтастықтың перспективалық бағыттары туралы" Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасының Үкіметтері басшыларының бірлескен мәлімдемесінің жобасы мақұлданын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МЕН ЛАТВИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТТЕРІ
БАСШЫЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕСІ**

"Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы саяси қатынастар мен экономикалық ынтымақтастықтың перспективалық бағыттары туралы"

Екі мемлекеттің мүдделерін іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамытудағы мүдделілікті тани отырып, үкіметтер басшылары төмендегіні мәлімдейді:

I. Тараптар саяси деңгейдегі өзара жақсы қарым-қатынасты қанағаттанғандықпен атап өтеді, мұның өзі бұдан былайғы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту

ү ш і н б а я н д ы н е г і з қ а л а й д ы .

II. Тараптар мемлекеттердің жоғары лауазымды тұлғаларының сапарларын, олардың халықаралық форумдардағы кездесулерін ұйымдастыру практикасын жалғастыратын болады, сондай-ақ жыл сайын мүмкіндікке қарай Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстандық-латвиялық үкіметаралық комиссияның мәжілісін өткізетін болады.

III. Шарттық-құқықтық базаны кеңейтудегі мүдделілікті тани отырып, Тараптар "Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы", "Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы", "Ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына және басқа да қылмыстың қауіпті түрлеріне қарсы күрестегі ынтымақтастық туралы" және "Мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамыту туралы" сияқты келісімдерді келісу және жасасу рәсімдерін аяқтауға ұмтылатын болады.

IV. Тараптар Қазақстан Республикасынан мұнайды экспорттауды және оның Атырау-Самара-Полоцк-Вентспилс бағыты бойынша қазіргі бар мұнай тасымалдау жүйелері бойынша Латвия Республикасының аумағы арқылы транзитін ұйымдастыру мүмкіндігін атап өтеді. Тараптар осы жобаға басқа да транзиттік мемлекеттер тарапынан қолдау алу үшін қажетті бірлескен іс-қимылдарды жүзеге асыратын болады.

V. Екі мемлекеттің де үкіметтері авторлық жүк тасымалдары саласындағы анағұрлым тығыз ынтымақтастыққа және осы орайда өздерінің іс-қимылдарын үйлестіруге мүдделі екендіктерін атап өтеді. Сол үшін де Тараптар "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге" сәйкес аралас комиссияны құруға дайын.

VI. Бір жағынан Қазақстанның өз тауарларының сенімді әрі тез тасымалдануына және өңделуіне мүдделі екенін және екінші жағынан Латвияның дамыған айлақтық инфрақұрылымы мен қызмет көрсету тиімділігінің жоғары деңгейін назарға ала отырып, екі мемлекет те "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Латвия Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының жүктерін өңдеу мен тасымалдау үшін Латвия Республикасының айлақтарын пайдалану туралы келісімге" сәйкес бірлескен комиссияны өзара қолайлы мерзімде құруға келіседі.

VII. Тараптар экономикалық реформалар мен шағын және орта бизнесті дамыту саласындағы тәжірибені тұрақты түрде алмасуға мүдделілігін білдіреді.

Дүниежүзілік Сауда Ұйымының мүшесі болып табылатын Латвия Республикасы аталған халықаралық ұйымға кірудегі Қазақстан Республикасының ұмтылысын жан-жақты қолдайтын болады.

VIII. Ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастықты дамыту үшін Тараптар аталған саланың дамуы, ұйымдастырылатын көрмелер және т.б.

туралы тұрақты ақпарат алмасуды жолға қоюға міндеттенеді.
Тараптар Латвия Республикасы Премьер-Министрінің Қазақстан

Республикасына сапары, сондай-ақ кейіннен болатын екіжақты кездесулер екі ел халықтарының мүдделері жолында Қазақстан Республикасы мен Латвия Республикасы арасындағы бұдан былайғы өзара тиімді ынтымақтастық үшін жақсы негіз қызметін атқаратынын атап көрсетеді.

Астана қаласында 2001 жылғы " __ " қыркүйекте, әрқайсысы қазақ, латыш және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Латвия Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.